



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 26 қаңтардағы
№ ДС-18

Құрметті депутаттар!

Киіктердің популяциясын реттеуге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Киіктер өрістейтін жолдарды қалпына келтіру бойынша, оның ішінде жануарлардың өтуі үшін туннельдер (экодуктар) салу арқылы қалпына келтіру бойынша

Киіктердің популяциясын реттеу мақсатында Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – ЭТРМ) ғылыми қоғамдастықпен бірлесіп олардың санын бақылаудың, оның ішінде экодуктар салу арқылы тарихи өрістеу жолдарын қалпына келтірудің барлық ықтимал тәсілдерін қарастырды.

Айталық, зерттеу барысында қымбат экодуктар салу киік популяциясының санына әсер етпейтіні анықталды. Бұл шешім киіктердің жол үстіндегі экодуктармен және жол астындағы өткелдерді жүрмейтінімен ғылыми негізделген, өйткені олар ашық, тегіс ландшафттарда тіршілік етеді және биік құрылымдардан да, әртүрлі туннельдерден де қорқады.

Осыған байланысты киіктердің кедергісіз өрістеуі үшін экодуктар салу тиімсіз, өйткені бұл шаралар оң нәтиже бермейді.

Экодуктардың орнына, ғылыми ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес, тиісті ескерту белгілері мен қорғау қоршауларын орната отырып, киіктер өрістейтін учаскелерде еңіс беткейлер салу жоспарлануда.

Киіктер санын реттеу мәселесіндегі ғылыми негізделген тәсіл туралы

Киіктердің популяциясын реттеу шараларын ЭТРМ ғылыми негізделген көзқарас тұрғысынан ғана қабылдады.

Мәселен, 2023 жылдан бастап киіктер Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары Халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес (CMS, cites және т.б. конвенциялар) әзірлеген бионегіздеменің негізінде алынды.

Анықтама: бионегіздемеге сәйкес Орал популяциясын 20%-дан асырмай және Бетпақдала популяциясын 15%-дан асырмай реттеу ұсынылды.

Жалпы киік популяциясын сақтау жөніндегі ЭТРМ-ның барлық шешімдері, оның ішінде дериваттарды есепке алу, реттеу, сондай-ақ олардың айналымы мәселелері ғылыми ұйымдармен және институттармен пысықталады.

Төлдеу кезеңіне киіктерді алуды тоқтата тұруға және олардың санын реттеудің жаңа тәсілдеріне қатысты

Бүгінгі таңда киік Қазақстандағы тұяқты жануарлардың ең көп таралған түрі, салыстыратын болсақ, Қазақстандағы басқа тұяқты жануарлардың бәрінің жалпы саны 200 мыңнан аспайды.

Анықтама: саны 2,6 млн болатын киіктен кейінгі екінші орындағы тұяқты жануар – бұғының саны 95,5 мың құрайды.

Осыған орай, киік санын реттеу олардың ауыл шаруашылығына теріс әсерін азайтуға, биологиялық тепе-теңдікті сақтауға және азықтың жетіспеуі мен эпизоотия салдарынан жаппай қырылу қаупінің алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 10 ақпаннан бастап киік санын реттеу жөніндегі іс-шаралар тоқтатылды.

Киік санын реттеудің қосымша тәсілдерін зерделеу мақсатында қазіргі уақытта ғылыми қоғамдастық оларды орнықты пайдалануға, эпизоотиялардың пайда болу себептерін анықтауға және киіктердің ресурстарын қорғау және пайдаланудың ықтимал жолдары бойынша шаралар әзірлеуге бағытталған түрлі зерттеулер жүргізуде.

Жалпы киіктер санын реттеу мәселелері Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов